

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.:2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

10 07-2026 № 07-02-1534

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты
білім беру ұйымдарының басшыларына!**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2026 жылдың 28 мамырдағы №03-2878 хатына сәйкес, «Заң мен тәртіп – Конституция құндылықтарының негізі» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымдарды жолдайды.

Қосымша: 3 бет

Басшының м.а.

А. Беделбаев

Орындаған: А.Базаркулова
2-14-10

«Заң мен тәртіп» қағидатын ілгерілету бағытындағы тәрбиелік іс-шараларға арналған әдістемелік ұсынымдар

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан реформалардың басты мақсаты — заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтық жауапкершілікті арттыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және Әділетті Қазақстан құндылықтарын нығайту.

Конституция — заң үстемдігі мен қоғамдық тұрақтылықтың, адам құқықтары мен бостандықтарының негізгі кепілі. Сондықтан жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, Конституцияны құрметтеу мәдениетін қалыптастыру және азаматтық жауапкершілігін дамыту білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Осыған орай, «Заң мен тәртіп — Конституция құндылықтарының негізі» тақырыбындағы тәрбиелік іс-шараларда пайдалануға ұсынылатын әдістемелік ұсынымдар сынып жетекшілеріне, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған.

Мақсаты

Білім алушылардың Конституция туралы білімдерін тереңдету, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заң мен тәртіп қағидаттарын құрметтеуге тәрбиелеу және азаматтық жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері

- Конституцияның қоғам өміріндегі рөлі мен маңызын түсіндіру;
- заң мен тәртіп құндылықтарын дәріптеу;
- білім алушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін кеңейту;
- құқықтық сауаттылық пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру;
- «Адал азамат» қағидаттары негізінде әділетті қоғам құндылықтарын насихаттау;
- білім алушыларды заңды құрметтеуге және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында

- Конституцияның негізгі қағидаттарын түсіндіруге;
- заң мен тәртіптің қоғам өміріндегі маңызын талқылауға;
- білім алушылардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты жағдаяттық тапсырмалар орындауға;
- құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілік туралы пікір алмасуға;
- «Адал азамат» құндылықтарын күнделікті өмірмен байланыстыруға;
- білім алушылардың азаматтық көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарына рефлексия жасауға басымдық беріледі.

1–4 сыныптарға арналған ұсынымдар

Бастауыш сыныптарда тәрбие жұмысын білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым әрі түсінікті форматта ұйымдастыру ұсынылады.

Негізгі бағыттар:

- ✓ Отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- ✓ тәртіп сақтау мәдениетін қалыптастыру;
- ✓ мектеп ережелерін құрметтеуге баулу;
- ✓ адалдық пен жауапкершілікке тәрбиелеу;
- ✓ достық пен сыйластық құндылықтарын дамыту.

Тәрбие жұмысы барысында:

- ✓ Конституция туралы бастапқы түсінік беріледі;
- ✓ «Менің құқығым және міндетім» тақырыбында әңгімелер ұйымдастырылады;
- ✓ жағдаяттық ойындар мен сурет салу жұмыстары өткізіледі;
- ✓ мақал-мәтелдер, ертегілер, бейнероликтер арқылы заң мен тәртіп құндылықтары түсіндіріледі;
- ✓ «Таза сынып», «Жақсы іс» сияқты шағын практикалық тапсырмалар орындалады.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

- ✓ танымдық ойындар;
- ✓ сурет байқаулары;
- ✓ рөлдік ойындар;
- ✓ рефлексиялық әңгімелер.

5–9 сыныптарға арналған ұсынымдар

Негізгі орта білім беру деңгейінде құқықтық сауаттылықты, азаматтық жауапкершілікті және әлеуметтік белсенділікті дамытуға басымдық беріледі.

Тәрбие жұмысы барысында:

- ✓ Конституцияның негізгі қағидаттары түсіндіріледі;
- ✓ білім алушылардың құқықтары мен міндеттері талқыланады;
- ✓ заң мен тәртіптің қоғамдағы рөліне қатысты пікір алмасулар жүргізіледі;
- ✓ құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері қарастырылады;
- ✓ «Адал азамат» құндылықтары өмірлік жағдаяттармен байланыстырылады.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

- ✓ пікірталастар;
- ✓ кейс-талдау;
- ✓ жағдаяттық тапсырмалар;
- ✓ бейнероликтерді талдау;
- ✓ топтық жобалар;
- ✓ «Мен және заң» тақырыбындағы эссе;
- ✓ құқықтық викториналар.

10–11 сыныптарға арналған ұсынымдар

Жоғары сыныптарда тәрбие жұмысы білім алушылардың азаматтық ұстанымын, құқықтық мәдениетін, сыни ойлауын және қоғамдық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Тәрбие жұмысы барысында:

- ✓ Конституциялық реформалардың маңызы талқыланады;
- ✓ заң үстемдігі мен азаматтық қоғам мәселелері қарастырылады;
- ✓ құқықтық мәдениет пен жеке жауапкершілікке қатысты талқылаулар ұйымдастырылады;
- ✓ «Адал азамат» құндылықтарының қоғамдағы рөлі сараланады;
- ✓ білім алушылардың өмірлік ұстанымдарына рефлексия жасалады.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

- ✓ пікірталас және дебат форматындағы талқылаулар;
- ✓ TED форматындағы пікір айту;
- ✓ аналитикалық талдау;
- ✓ әлеуметтік кейстерді шешу;
- ✓ құқықтық жағдаяттарды сараптау;
- ✓ жобалық және зерттеу жұмыстары;
- ✓ қоғамдық бастамалар әзірлеу;
- ✓ Конституция баптарын талдау;
- ✓ «Әділетті Қазақстан және менің азаматтық ұстанымым» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру.

Ескерту

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері, психологиялық қабылдау деңгейі және әлеуметтік тәжірибесі ескерілуі қажет.

Іс-шара мазмұны білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың заңға құрметін, азаматтық жауапкершілігін, әділдік қағидаттарына адалдығын және қоғамға пайдалы болуға ұмтылысын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Тәрбие жұмысының мазмұны заң мен тәртіп қағидаттарын күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, білім алушылардың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігін дамытуға бағытталуы қажет.

Сондай-ақ тәрбие жұмысын ұйымдастыруда интерактивті, тәжірибеге бағытталған және білім алушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін әдістерді қолдану ұсынылады.